

# «МӘДЕНИЕТ»



журналының бейнешолуы  
видеообзор журнала

## Тіл және тәржіма

Қазақ тілінің тағдыры, тіл мәселесі еліміз тәуелсіздік алғасын ғана ауызға алына бастағаны рас. Кеңес заманында «Одағымызға ортақ та ең басты тіл орыс тіліне» басты орын берілгендіктен басқа тіл саясаты көп ауызға алына бермейтін еді. Сол дәуірде ұлттық тіл мәселесін көтерген авар ақыны Расул Ғамзатовтың «Огонек» журналына шыққан мақаласы тіліміз туралы толғаныстарымызды батыл айта алмай іштен тынып жүргенде басқа ұлттар сияқты қазақтың да ұлттық тілге қатысты сана-сезімін бір сергітіп тастаған болатын. Р.Ғамзатовтың сол мақаласы кейін оның «Менің дағыстаным» атты кітабына арқау болғанын бірді ақынының сол мақаласының және ана тілі туралы бір өлеңінің қазақша тәржімасын оқырманға ұсынуды жөн көрдік.



### Расул ҒАМЗАТОВ (1923-2004) авар халық ақыны

Бәз біреулер айтады, санама салиқалы ой келгендейдіктен емес, тілім ұшы қышып сөйлемдім деп. Тағы да біреулер айтады шабытым тасып түрған жоқ, бірақ... дейді. Неге жыр жазғысы келді, оны айту қиын. Бірақ, оның жыры қазанда қуырылған дәмсіз пісте сияқты шытырлайтыны анық. Мұндай адамдар мына дүние жаңалығынан бейхабар пенделер. Бұл адамдар айналасының әні мен сәні нендей ғұмыр ырғағына үйлесетінін білмейді.

Адамзатқа не себепті көз, құлақ, тіл берілген. Мәселен, екі көзбен көріп, қос құлақпен естіген дүниені бір тіл жарық дүниеге сөз етіп таратады. Тілден шыққан сөз қия жартастағы сүрлеуден өтіп, кең жазираға жеткен тұлпар секілді. Әлбетте, жүрекке жетіп, санаға сіңбеген сөзді сөйлеуге бола ма? Сөз әсте жай болмайды. Не қарғыс, не алғыс, әйтпесе жағымпаз, тіпті ауру, харам, өтірік, шын, әртүрлі.

> >

Жазушысың ба, сөзіңе абай бол, сөзді аамМенің шығармам кілем сияқты, оны мен авар тілінің көркем өрнегімен тоқимын. Менің шығармам қым-бат бағалы тон сияқты, оны мен авар тілінің сетінемейтін берік

жібімен тігеміейтаң дейтіндер айта берсін. Мен өз ана тіліммен бірге өмір сұруге тиіспін. Жандуниемнің күлтілі құдіу қажет емес.

Ел аузынан естігенім: Мәскеу, әлде Ленинград... әйтеуір үлкен қаланың сәнді көшесімен лак келе жатыпты. Жолай дағыстандық жерлесін көріп қалып, туған елі есіне түседі де, сөйлескісі келеді. Оның жанына жүгіріп жетіп, лакша тіл қатқан екен, оны ана адам ұқпапты. Құмықша, тат тілінде, ақыр аяғында лезгинше сөйлейді. Түсінісе алмапты. Содан екеуі орысша тіл табысып, лак пен авар кездескенін біліседі. Манағы лак адамға ренжіп авар айтады:

– Авар тілін білмейсің, дағыс-тандық емессің, – дейді. Меніңше лак ағайын авар тілін білуғе міндетті емес, ең бастысы өзінің ана тілін біліп түр ғой.

Мен үшін адамзаттың тілі жұлтдыз сияқты. Барлық жұлдыздар бірігіп аспанның жартысын жапқан үлкен жұлдызыға айналса дегенге келіспеймін. Оның қажеті шамалы. Онсыз да Күн бар. Жұлдыздар жеке-жеке жарқырасын. Әркімнің өз жұлдызы болғаны дұрыс. Менің жұлдызым – авар тілі. Тау-лықтарда «Анаңың сүтімен да-ры-ған тілінді түсінбегір» дейтін жа-ман қарғыс бар.

Қарғыс туралы: «Тау қызы» деген поэма жазып жүрген едім. Осылай қараниет әйелдің аузымен айтылатын қарғыс қажет болды. Жақын ауылда қарғысты қарша борататын әйел барын естідім. Оған жолығу үшін жолға шықтым.

Адам ашуланатындай абырой төгілмеген, жыр жырлайтын-дай той болмаған көктемнің жай-машуақ жадыраған бір күні әйел-дің үйіне келдім. Жасы үлкен апай-ға келген жұмысымды жайлап түсін-дірдім. Осылай да, осылай қарғыс керек... Мен айтып ауыз жапқанша:

– Тілің тартылып, сүйген жа-рыңыңың ет жан тілің-ді түсінбегір, ауылыңың аматының, еліңің саулығын ұмытып қал, отыз тісің опырылып түсіп, аузыңдан сөз емес, жел соғып түр-сын... Алла саған ба-қыт бұ-йырт-пағыр! Мені біреу рен-жіт-се бір сәрі, қарғыс жаудыратындай ма-ған бірдеңе болды ма? Жоғал әрі! – дегенде, мен раҳметімді айтып жөніме кеттім.

Жолда келе жатып: «Әлгі адам-ның қарапайым сөзінің өзі қарғыс, нағыз ашуланғанда не айтар екен» деп ойлаумен болдым.

Бізде әр ауылдың өз қарғысы бар. Біреуі көрінбейтін жіппен аяқ-қолың байлансын десе, та-ғы бірі табыттан табыл, – дей-ді. Бұлар ештеңе емес. Одан да жаман қарғыстар бар. Әйел-дер ұрысқанда: «Алла сенің үр-пағыңа тіл үйрететін адам қал-дырмасын!» дейді. Бұдан өткен жаман қарғыс жоқ. Таулықтар ана тілін құрметтемейтін адамды қарғамайды. Тек оны еш сый-ламайтын болады. Анасы бала-сының жаттың тілінде жазған жырын оқымайды.

Қойын дәптерімнен: Бірде Париж қаласында дағыстандық суретшіге жолықтым. Революциядан кейін Италияға оқуға барып, жатжерлік әйелге үйленіп, еліне оралмаған екен. Әлемді шарлап, қымбат

қонақүйлерде тұнеп, алтын қасықпен ас ішіп, жүрсе де туған жерін аңсап, сағынышы сартап болыпты. Сағынышы суреттерінде қалай бейнеленді деген ниетпен картиналарын көрсетуді өтіндім.

Бір суретін «Туған жерге сағыныш» деп атапты. Суретте ита-лиялық әйелге көне авар киітмін кигізіпті. Гоцатлиннің әйтгілі шеберлері жасаған күміс құмыраны ұстаған әйел бұлақтың басында тұр. Терең сайдағы шағын авар ауылы мұңлы кейіпте, тауңдың басын боз тұман бүркеген.

– Тұман менің көз жасым, – деді суретші. Келесі шығармасында жалаңаш бұтақта отырған құс бейнеленіпті. Бұтақ жықтыл тастардың арасында өсіп тұр. Суреттің тарихы туралы авторы былай деді:

– Ертедегі аварлардың аңызы негізінде сыйған едім.

– Қандай аңыз?

– Ертеде бір аңшы кішкентай әдемі құсты ұстап алып, алтын торға қамайды. Әлгі құс күні-түні «отан, отан, отан» деп шырылдайды. Менің қазіргі өмірім сияқты. Аңшы ойлапты: «Бұл құстың отаңы қайда екен. Шырылдауына қарағанда, жұмақтың төрі шығар. Босатып жіберіп, артынан ілесіп тамаша өлкені тауып алайын». Алтын тордың аузын ашып құсты ұшырыпты. Ұшып шыққан құс он аттам жердегі жықпыл тастардың ортасында өсken жалаңаш бұтаға барып қоныпты. Ол бұтада құстың ұясы бар екен. Мен де тордың ішінен отанымды аңсаймын деп, – суретші сөзін бітірді.

– Айналып еліңе неге бар-майсың?

– Енді кеш. Туған жерімнен жалынды жастығымды әкеттім, ұялмай ыңыршағы айналған қу сүйегімді қалай алып барамын?!

Парижден елге оралған соң, суретшінің туыстарын сұрас-тырғым. Таңданарлық жағдай, анысы әлі тірі екен. Отанынан кетіп, жат жерде жүрген бауырлары жайлы барлық ағайыны бір үйге жиналышп, менің сөзімді тыннады. Әйтеуір тірі екен ғой десіп жатты.

– Сен екеуің аварша сөйлес-тіндер ме? – деп кәрі анысы ойла-маған жерден тосын сұрақ қойды.

– Жоқ, біз аудармашы арқылышы сөйлестік. Мен орысша, ол фран-цузша. Ең қадірлі адамы өлгенде қа-ра жамылатыны сияқты, анысы қара жамылдығымен бетін жапты. Үй іші жым-жырт. Далада тамның шатырын жауын сабалайды. Біз авар ауылында отырмыз. Әлемнің тағы бір шетінде мен көрген Париж қаласы. Онда да Дағыстанның тас-танды баласы жауынның дүрсілін естіп отырған болар. Көп уақыт үнсіздіктен кейін кәрі ана:

– Расул, сен шатасқан болар-сың. Менің балам баяғыда өлген. Ол менің балам емес. Менің ба-лам болса, мен үйреткен ана тілін, авар тілін ұмытуға тиіс емес, – деді.

Естелік: Автар халық театрында жұмыстамын. Елге жаңа мизам саясатын түсіндіру мақсатымен ауыл-ауылды аралап, ойын-сауық көрсетеміз. Менің міндетім – әртістердің сахнада айтатын сөзін қадағалап, ұмытып